

**ВОСТОЧНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМ. МАХМУДА КАШГАРИ-БАРСКАНИ**

**ЧЫГЫШ УНИВЕРСИТЕТИ  
ВОСТОЧНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
EASTERN UNIVERSITY  
جامعة محمود قشغاري**



## **МАТЕРИАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«НАСЛЕДИЕ МАХМУДА КАШГАРИ-БАРСКАНИ:  
ОСНОВА НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ЧЕЛОВЕКА»**



**Бишкек 2016**

**ВОСТОЧНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ**  
**имени МАХМУДА КАШГАРИ-БАРСКНИ**

**МАТЕРИАЛЫ**  
**МЕЖДУНАРОДНОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ НАУЧНО-**  
**ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**  
**«НАСЛЕДИЕ МАХМУДА КАШГАРИ-БАРСКНИ:**  
**ОСНОВА НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ЧЕЛОВЕКА»**

**СЕКЦИЯ №5 БЕЗОПАСНОСТЬ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В УСЛОВИЯХ СИСТЕМНОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ**

**Влияние социокультурных факторов на политическую систему Кыргызстана**  
*Жороева О., Дуйшеева Р.К.* ..... 102

**Водные ресурсы как причины конфликтов в Центральной Азии**  
*Жусуева А., Токтосунова Э.С.* ..... 103

**Этнополитические процессы в ферганской долине: современность и перспективы**  
*Таалайбекова Н., Токтосунова Э.С.* ..... 108

**СЕКЦИЯ №6 СТРАТЕГИЯ ОПТИМИЗАЦИИ СИСТЕМЫ СОВРЕМЕННОГО МЕНЕДЖМЕНТА В СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОМ РАЗВИТИИ СТРАНЫ**

**Развитие малого и среднего бизнеса в Кыргызстане**  
*Жемурат уулу М., Жорокулова М.А.* ..... 110

**Стратегия оптимизации системы современного государственного менеджмента в формировании культурной среды**  
*Идирисова А., Бокоева А.К.* ..... 118

**Санариптик көрсөтүүгө өтүү маселеси жаштардын көз карашында**  
*Качкынбекова А., Жамалбекова Г.А.* ..... 122

**Вопросы экстремизма в Кыргызстане**  
*Бейшебаева Н., Сатыбалдиев З., Токтосунова Э.С.* ..... 124

**СЕКЦИЯ №7 КЛИНИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ**

**Особенности этнокультурных различий подростковой депрессии**  
*Орбец М.А., Кочербаева И.Дж.* ..... 128

**Когнитивные искажения у людей с депрессивными состояниями среднего возраста**  
*Базуева К.И., Кочербаева И.Дж.* ..... 132

**Выявление низкой самооценки в юношеском периоде и особенности психологического консультирования у 11 класса**  
*Сабитова Ю.Ю., Теняков С.А.* ..... 135

**СЕКЦИЯ №8 УНИВЕРСИТЕТ «СЫРДАРΙΑ» КАЗАХСТАН**

**Ұлттық келісім - тәуелсіз қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі**  
*Асықбаев Б.Ж., Тәжітаева Р.С.* ..... 139

**Солтүстік жарты шар материктерінің табиғат зоналарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар**  
*Әліпбек М.Ү., Қайранов Е.Н., Исмайлова К.Б.* ..... 143

**Орталық азия мемлекеттерінде су ресурстарын пайдаланудың геосаяси мәселелері**  
*Мырзақұл Е., Шерхан Ш., Аманбаев Н.С.* ..... 146

**Органикалық химияны оқытуда ойын арқылы оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі**  
*Құлтаева С.Т., Шорабекова У.Б.* ..... 151

**Оңтүстік жарты шар материктері табиғатындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар**  
*Халилов С.Н., Серікбайұлы С., Исмайлова К.Б.* ..... 156

**Оқушыларды еңбек технологиясына баулудың политехникалық қағидасы**  
*Базаралиева Д., Шүкірбек Е., Дуйсеханов Т.Ө.* ..... 161

**Мұздықтардың маңызы және мұздықтарды зерттеудің негізгі әдістері**  
*Кадирова Г., Жусупова М., Исабеков Б.Д.* ..... 165

**Қазақтың сәндік қолданбалы қолөнер түрлерін пайдаланудың педагогикалық негіздерін болашақ мамандарға меңгерту**  
*Пілал Жазира, Мұратқызы Г., Мелдеханова А.* ..... 170

**Қазақстанның территориясындағы топырақтары және оның ерекшеліктері**  
*Жамалов Ж., Жетібайұлы Б., Аманбаев Н.С., Якубов У.Ш.* ..... 175

**Арыс ауданының экономикалық – географиялық дамуы мен болашағы**  
*Каттаев А., Базарбаев Ш., Якубов У.Ш., Аманбаев Н.С.* ..... 180

**Алматыда нұрғыса – жетісайда бөрі нса**  
*Жұмабекова А., Абдухаликов Қ.Д.* ..... 184

**«Технология» пәнін оқыту бағдарламасының политехникалық мазмұнындағы сипаты**  
*Турсунов Д., Дуйсеханов Т.Ө.* ..... 188

**Арал маңының қазіргі экологиялық жағдайы**  
*Оразгелдиев Б., Пістебеков Ш., Рахман Қ., Исабеков Б.Д.* ..... 193

**Психологические термины русского языка и способы их образования**  
*Уразматова Р., Жаксылық С., Ергеш Ж., Шамова И.А.* ..... 198

**Способы обогащения словарного запаса учащихся при изучении иностранного языка**  
*Жусупова М., Ергешбай Ж., Темирбаева Ж.Л.* ..... 201

**Функционалды грамматика және каузальдық категориясы**  
*Асан Т.Ә., Ахметова Ә., Пазылова А.А.* ..... 205

элементтерінің ауысуы қиындаған. Африканың Сахара аймағының органикалық дүние Арабия түбегімен, Атлас таулары дүниесі Еуразиялық Жерорта теңізімен жалпы ұқсас болып келеді.

• Африка, Оңтүстік Америка және Аустралия материктері аралығын өте үлкен кеңістіктегі су айдыны - Дүниежүзілік мұхит сулары болып жатыр. Сондықтан да бет ағыстар жүйесінің әсер ету сипаты ұқсас болып келеді. Үш материктің де батыс жағалауларын экватор маңы ендіктерінде жылы ағыстар, ал тропик және субтропик ендіктерде суық ағыстар шайып өтеді. Шығыс жағалауында негізінен жылы ағыстардың әсері басым байқалады. Барлық Оңтүстік жарты шар тропиктік материктерінің оңтүстігі арқылы аса қуатты суық Батыс желдер ағысы өтеді.

Айырмашылық белгілері:

• Оңтүстік Америка басқа материктерге карағанда жоғары ендікке дейін, оның қиыр оңтүстігі Оңтүстік жарты шардың қоңыржай климаттық белдеуіне дейін созылады. Материк аумағындағы географиялық белдеулер мен зоналардың орналасуы және ондағы тіршілік дүниесі алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Материктің батысын бойлай Перу суық ағысы өтуіне байланысты экваторға таяу жатқан жағалаудағы климат өте құрғақ - шөлдік сипат алады. Экватор мен Оңтүстік тропик аралығында материктің ең енді бөлігі орналасқан.

• Африка материгі экваторға қатысты алғанда симметриялы орналасқан, оның оңтүстік және солтүстік шеткі нүктелері шамамен екі жарты шардың бірдей ендіктеріне сәйкес келеді материктің солтүстігін Жерорта теңізін шайып жатыр. Жер шарындағы ең үлкен материк-Еуразиямен көршілес орналасуы Африка табиғатының континенттілік дәрежесінің жоғарылауына әсер етеді.

• Аустралия түгелімен оңтүстік жарты шарда, оңтүстік тропик шеңбері үс-тінде жатыр. Солтүстік Аустралия-Азиялық теңіздер суы шайып өтеді. Тынық мұхиттың ықпалы тұтастай аралдар доғасымен бөлініп жатуына байланысты әлсізденген. Аустралия Оңтүстік жарты шар материктер ішінде оқшау орналасқан материк. Бұл оның органикалық дүниесінің әртүрлілігіне әсер етеді.

• Антарктида табиғаты қатал, ол басқа материктерден оқшау орналасқан және көршілес жылы мұхит суларынан аса қуатты суық Циркумполярлық ағыс жүйе арқылы бөлініп жатыр.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбілмәжінова С.Ә. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы. – Алматы, 2013.
2. Пригула Т.Ю., Еремينا В.А., Спрялин А.Н. Физическая география материков и океанов. – М.: Владос, 2009. – 688с.
3. Рябчикова А.М. Физическая география материков и океанов. – М.: Высшая школа, 1988. - 592 с.
4. Власова Т.В. Физическая география материков. –М.: Просвещение, Т.1,2. 1976. – 464 с.

## ОҚУШЫЛАРДЫ ЕҢБЕК ТЕХНОЛОГИЯСЫНА БАУЛУДЫҢ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ҚАҒИДАСЫ

Базаралиева Д., Шүкірбек Е. – Кәсіптік оқыту мамандығының 3 курс студенттері  
Жетекші – Дуйсеханов Т.Ө.

Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаевтың Еуразия ұлттық университетінде оқыған лекциясында «Білімді сауатты адамдар бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының қозғаушы күші» екенін атап көрсетті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау». Осы міндеттердің кейбір өзекті мәселерін «еңбек технологиясы» сабақтарында оқушылар арқылы шешуге біршама мүмкіндіктері бар, екендігін байқауға болады.

Білім беру ұғымы әрі қарапайым, әрі күрделі, өйткені ол жеке адамға арналып айтылғанмен, бүкіл қоғамды қамтиды. Білім беру жеке мағынада айтылғанмен ол екі жақты процес. Бір жағынан мұғалім бір жағынан оқушы әрекеті. Алайда ол екі жақты әрекет болып көрінгенмен, ол көп жақты әрекет. Ол бүкіл қоғаммен байланысып жатады. Мұғалім, оқушы, сынып, оқулық, жоспар, бағдарлама – оны әзірлейтін, шығаратын т.б. Сондықтан білім беру ісімен бүкіл қоғам, оның индустриясы, білімдік потенциалы, қуаты түгел айналысады.

Білімнің өзі – жалпы, политехникалық, кәсіби болып жіктеледі. Білім беру деген ұғымның өзі сайып келгенде өмірге әзірлеу. Білім беру ұжымдық және жеке болып келеді. Оқу орындарында ұжымға білім беріледі, бірақ соның өзінде білім жеке даралық негізін жоймайды. Білім берудің сипаты қоғамдық нарықтық қатынасқа, қоғамның нарықтық даму дәрежесіне тікелей байланысты. Білім жеке адамның қажеттілігіне, белсенділігіне, еңбек сүйгіштігіне байланысты ынтажігеріне байланысты жүзеге асады. Білім деген ұмтылу, іс-әрекет сезім қабылдауының бірлігі теориялық ой жүйе, оны тәжірибеде қолдану арқылы қалыптасып, іске асады. Білім теориялық, практикалық әрекетті ұштастыру арқылы қажетке жаратуға бағыталады. Білім мазмұнын анықтау – бұл өсіп келе жатқан жас ұрпақты неге үйрету, нені оқыту мақсатын анықтап алу деген сөз.

Білім мазмұны – білімнің ғылымилығы, іскерліктің және дағдының жүйесі. Сондықтан білімнің мазмұны – оқыту процесі компонентінің бірі болады. Сол жүйенің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамып, дүниеге көзқарасы, мінезі қалыптасады.

Политехникалық білім берудің мәні өндірістің барлық үрдістің негізгі қағидаларымен таныстыру. Яғни дамыған өндірістің ғылыми негізі жөнінде жүйелі білім беру және қарапайым еңбек құралдары мен еркін жұмыс істей алатын іскерлік пен дағдыны қалыптастыру.

Политехнизм – бұл бүтін жүйе, оған негізінде тірі табиғат, материалдар технологиясы, өндіріс құралдары, олардың механизмдері,

## «ТЕХНОЛОГИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫНДАҒЫ СИПАТЫ

Турсунов Д. – кәсіптік оқыту мамандығының  
2-курс студенті, «Сырдария» университеті, ҚР  
Жетекшісі – Дуйсеханов Т.Ө.

Жалпы орта білім беретін 5 – 11 сыныптарға арналған «Технология» бағдарламасында, Технология атты интегративті білім сапасын меңгеру оқушылардың жалпы білімі мен дағдыны меңгеруіне мүмкіндік береді, интеллектуалдық, тұлғалық, этикалық, және әлуметтік экономикалық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді. Егер еңбектің *политехникалық*, экономикалық және экологиялық аспектілерін, ақпараттық және жоғары технологиялармен тануға жеткілікті көңіл аудармаса жұмыстардың сапалы орындалуы мен өзіндік білім алу жағын қалыптастыруды дайындауда халықтық, аймақтық отбасы дәстүрлеріне жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтауға бағытталса аталған мақсаттарға жетуге болады.

«Технология» білім сапасының басты мақсаты – оқушылардың өздігінен еңбек етуге дайындау, бұқаралық кәсіпті игеруге көмек ету.

Ол:

- экономикалық, экологиялық және нарықтық білімдерді қолдану барысында жастардың *политехникалық дамуы*, оларды ақпаратты материалдарды өңдеудің қазіргі және болашақтағы *технологиясымен* таныстыру, жалпы еңбек іскерліктері мен дағдыларын меңгеру;

- оқушылардың шығармашылық және эстетикалық дамуы;  
- оқушылардың өзін-өзі тану мүмкіндігін, кәсіпкер әлемін оқып үйренуін, кәсіптік бейімділіктерін айқындау үшін сарамандық тәжірибе элементтерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Технология саласын оқу барысында мынадай міндеттер іске асырылуы қажет.

- көп тараған және болашақтық технология жайында *политехникалық білімді* және ақыл ой сезімдік, сезімдік әрекеттер жүйесін қалыптастыру;

- отбасы шаруашылығы мен *экономикасын* жүргізуге қажетті білім мен іскерлікті қалыптастыру;

- қазіргі өндіріс негіздерімен, қызмет көрсету әдістерімен танысу;  
- оқушылардың өз бетімен шығармашылық жүргізе білуін дамыту;

- кәсіптіліктің айқындау мақсатында жергілікті және ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының кәсіптік кеңістігін білуді, кәсіптік бағдарын анықтай алуды, оқушылардың өзін-өзі танып білуін қамтамасыз ету;

- еңбек сүйгіштік, іскерлікті, ұйымшылдықты, адамгершілік пен қайырымдылықты, шынайылықты, жауапкершілік пен іскерлікті тәрбиелеуді іске асыру;

- нарықтық экономика, менеджмент маркетинг салаларына қатысты негізгі ұғымдарды меңгеру және өз өнімдерін іске асыру мен қызмет көрсетуге қолдануға мүмкіндік жасау,

- тұтыну бұйымдарын еңбек объектісінде пайдалана алуға және дизайн мен сәндік колдабалы өнердің талаптарына сай әсемдей білуге үйрету.

Осыған орай, «Технология» интегративті білім сапасының мазмұнын политехникалық тұрғыдан зерделеу.

Білім берудің мазмұны ең алдымен қоғамның, мектептің алдына қоятын мақсаттарымен және міндеттерімен анықталады десек, онда білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріс пен қоғамдық дамудың жаңару процесіне тікелей ықпал жасайды. Жеке адамның дамуы және қалыптасуы үшін меңгеретін білім, іскерлік, дағды - білім беру мазмұны болып табылады. Оқу бағдарламалары оқу пәндері бойынша білімдердің, ептіліктердің және дағдылардың көлемін, практикалық және лабораториялық сабақтардың өтілуі реттерін және олардың сыныптар бойынша (жылдарға) бөлінуін, пәндердің мазмұнын анықтайтын мемлекеттік құжат.

Мектеп оқушыларының политехникалық білімдерді меңгеруінің қажетті шарты зерделенетін оқу пәндеріндегі ұғымдарды, құбылыстарды, мағлұматтарды терең игеруі болып табылады. Дегенмен, П.Р.Атутовтың пікірінше, оқушы ғылыми ұғымдарды, заңдарды жақсы білуі ықтимал, бірақ оның политехникалық білімі төмен болуы мүмкін. Оқушылардың политехникалық білімі жаратылыстану-ғылыми, техника-технологиялық және ұйымдастыру-экономикалық ұғымдар байланысы орнаған негізде қалыптасады.

Политехникалық білім жетістігінің маңызды жағы зерделенетін заңдарды, принциптерді өндірісте қолдану кендігін, жалпылығын мектеп оқушыларының игеруінен көрінеді. Бұл үшін өндірістің әр түрлі салаларында пайдаланатын техникалық құрылғыларда ғылыми ұғымдарды қолдануды оқушыларға белгілі дидактикалық тәсілдер негізінде көрсету керек.

Политехникалық білімнің маңызды жағын қазіргі өндірістің жалпы ғылыми-техникалық жағын ашатын ғылыми ұғымдар мен заңдардың өзара байланысы түзеді (құрады). Бұл ғылымдар мазмұнына оның көрсетілген жақтары негізінде жатқан ғылыми ұғымдар, заңдар енеді.